

которая включает в себя два больших блока: 1) уроки, где проявляется первый интерес к исследованиям; 2) научное общество учащихся «ГНОМ», которое организует и направляет исследовательскую работу гимназистов, и в его рамках факультативный курс по развитию исследовательских навыков школьников, где учащиеся постигают азы исследовательской деятельности, а именно: как спланировать исследование или эксперимент, работать с научной литературой, оформить научную работу, правильно выступать на защите и др.

Многообразие видов и форм исследовательской деятельности позволяет создать условия для развития навыков исследовательской деятельности младших школьников.

Исследовательский метод является ведущим в изучении и организации педагогического процесса, так как только в деятельности происходит развитие личности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Битянова М. Р., Беглова Т.В. Учимся решать проблемы: Программа развития проектного мышления у младших подростков. Учебно-методическое пособие для психологов и педагогов. – М.: Генезис, 2005. – 96 с.
2. Битянова М. Р., Беглова Т.В. Учимся решать проблемы: Программа развития проектного мышления у младш. подростков. Рабочая тетрадь школьника. – М.: Генезис, 2007. – 40с.
3. Васильева А. П. Экологическая зоркость. Проектно-исследовательская работа младших школьников. Метод. пособие по познанию мира для учителей нач. кл. общеобр. школ с рус. яз. обуч. – Кокшетау: «Келешек - 2030», 2008. – 77 с.
4. Волкова Е.В., Микерин С. Л. Играем в ученых. Проводим эксперименты с водой, магнитом, движением, весом / Авт.-сост. Е. В. Волкова, С. Л. Микерин. – Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2008. – 256 с.
5. Жексенбаева У. Б. Организация научно – исследовательской деятельности школьников. – Алматы, РАДиАП, 2005. – 36 с.
6. Ихер Т. П. Исследование источника питьевой воды: Методическое пособие для педагогов и школьников. – Тула, 2001. – 38 с.
7. Краеведение: Внеклассная работа по истории, географии, биологии и экологии. Методическое пособие / авт. – сост. Ю. В. Козлова, В. В. Ярошенко. – М.: ТЦ Сфера, 2007. – 128 с.
8. Методы экологических исследований: сборник методических материалов/ Эколого-просветительский центр «Заповедники». М.: Журнал «Исследовательская работа школьников», 2006. – 78 с.
9. Савенков А. И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению: Учебное пособие. – М.: «Ось - 89», 2006. – 480 с.
10. Шумакова Н. Б. Психология одаренности: обучение младших школьников. Выпуск 3. – М.: МИОО, 2005. – 160 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Салыкова Ә.Д.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №8 орта мектебі»ММ

Жаңа білім беру жағдайында мемлекеттік тілді оқытудағы ақпараттық - коммуникациялық технологиялар.

Біздің ғасыр- полиглоттар ғасыры. Бұл бір емес, бірнеше шетел тілдерін (қазақ, орыс, ағылшын) білу білімділіктің, қазіргі қоғамда адам іскерлігінің әртүрлі салаларында жетістікке жетуге әсер етуші фактор болып отыр. Шетел тілдері мен компьютерлік технологияларды білу кез-келген маман иесінің білімінің деңгейі мен білім сапасын, сонымен қатар кәсіби біліктілігіне қойылатын басты талаптардың бірі. Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс – тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек. Ұстаздың педагогтік шеберлігі оның керекті мазмұнды, бағдарламадағы материалды іріктей алуымен және оны оқытудың озық әдістерін пайдалана отырып қолданумен белгіленеді.

Қазақ тілін оқыту – ең маңызды іс. Әрі жиырма бірінші ғасыр есігін ашқан қазіргі таңда мектепке, мұғалімдерге үлкен талаптар жүктеліп отыр. Оқу орыс тілінде жүргізілетін

мектептерде қазақ тілі пәні кеңес үкіметі кезінде де оқытылды, алайда оның әдістемесі мен оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологилары бойынша зерттеу жұмыстары, тәжірибеге енгізу ісі тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқына арналған жолдауында мемлекеттік тілдің оқыту сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударды: «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік инновациялық, әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу керек» – деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс – тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі – ақпараттық технология. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық – технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады.

Мультимедиалық лингафондық кабинеттердің мүмкіндіктері.

Әлемдік интерактивті технологилардың ең алғашқы кең тараған саласы- білім беру саласы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бап, 7 – тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Оқу орыс және басқа тілде жүргізілетін мектептерде тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, дәстүрлі әдістердің ішінде көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды пайдалану әдісіне тоқталуды жөн көрдім, себебі «білімді меңгеру және оны шәкірттерге үйретудің жалпы табиғи-ғылыми негізі – мидағы сыртқы тітіркендіштерге реакция берумен нығаяды. Ал үйреншікті жағдайда реакциялардың бекуі алға қойған мақсатқа сәйкестеніп отырады. Мұндай мақсаттар, біріншіден, оқытудағы көрнекілік әрекеттерге байланысты. Мысалы, оқушы жаңа сөздерді, лексикалық және грамматикалық ұғымдарды көрнекі құралдар арқылы көріп біліп, тікелей қабылдап үйренеді» деген пікір қонымды екендігін тәжірибе де көрсетіп отыр.

Оқытудың техникалық құралдары үшін қолданылатын құралдар көп. Тек тиістісін таңдай біліп, орнымен қолдана білген жөн. Мектебімізде осындай техникалық құралдарды пайдалану үшін толық жағдай жасалған. Ол үшін арнайы лингафон, мультимедиа, компьютер кабинеттері жабдықталды, интерактивтік тақталар орнатылды, Интернетке шығу жолы бар. Қазақ тілі сабақтары мүмкіндігінше мультимедиа кабинетінде өткізіледі. Қазіргі уақытта біздің облысымыздың мектептері қазіргі мультимедиалық лингафондық кабинеттермен жабдықталуда. Лингафондық кабинет- кез-келген тілде ауызша сөйлеу дағдысын меңгеруге ықпал ететін дыбыстық-техникалық аппаратпен жабдықталған арнайы оқу аудиториясы. Лингафондық кабинетті пайдалану оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың материалды меңгеру деңгейін анықтауға, оқу материалын қарастырып, бекітуге бөлінген уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. Бағдарламаларды тыңдау оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыта отырып, олардың пән бойынша білімдерін тереңдете түседі. Өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігі оқу үрдісінің жеке-даралығын қамтамасыз етеді. Мультимедиалық кабинет сабақты сапалы жаңа деңгейде өткізуге ықпал етеді. Ал оқу материалдарының молшылығы оны ерекше де сенімді етіп көрсетеді.

Көптеген мультимедиалық сыныптарда MERiTS-интерактивті оқытудың электрондық бағдарламасы - сингапурлық бағдарлама енгізілген. MERiTS- жүйесінде әр түрлі тілдерді үйреніп қана қоймай, сонымен бірге бірқатар оқу пәндерін оқытуға болады. Ол қазіргі білім саласында маңызды пәнаралық интеграция үшін үлкен мүмкіндікке жол ашады. Бағдарлама мазмұнына тілдік сабақтар, тест тапсырмалары, сұрақтар мен ойын модульдері және мұғалімдер үшін база қорлары енгізілген. Осы бағдарламаны қолдану арқылы оқушылардың ауызша-сөздік жаттығулар жинағымен тілдік ортаға бейімделуге мүмкіндік береді. Бағдарламада оқушылардың білім,білік,дағдыларын бақылаудың бірқатар түрлері көрсетілген, ал оқушыға бағаны компьютер өзі қояды.

Қазақ тілін үйретуде бастапқы мақсат коммуникативтік бағытта оқыту. Осылай, біз оқушылардың жалпы ойларын бір жүйеге келтіріп, жақсы психологиялық жағдай жасаймыз. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Оқушы үшін тіл өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады. Бұл бағытта негізгі лингвистикалық жұмысты қарым-қатынас түрінде жүргізіп, бір мезгілде іске асырамыз. Жаңа технологияларды қолдана келе сабақ бойы біз бүкіл топтың жұмыс істеуін талап етеміз, сондықтан өткізген сабағымыз мазмұнды, интенсивті болады. Ақпараттық сабақта бұрын адам ойында болмаған оқытудың жаңа әдістерін ұйымдастыруға болады. Оқушылар Word, Power Point,

Excel, Актив студио т.б программаларының көмегімен жаңа тақырыптарды және мәтіндер жазу, оқу, талдау, сурет салу жұмыстарын үйренеді.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу – танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни білімгер ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алу да дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашарды. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Ақпараттық технологияларды қолданудағы іс-тәжірибе.

Жаңа ғасырға – жаңа технологиялар. Жаңа ғасырда ақпараттармен алмасу- бұл тек монитор мен клавиатура емес. Біздің алдымыздан интерактивті тақта мен өлшемді технологиялар ашылады. Интерактивті тақтамен және проектормен жұмыс кезінде анимациялар жасауға мүмкіндік аламыз, сонымен қатар тақта алдындағы жұмысымыз бормен жұмыс істеп отырған секілді қарапайым да жеңіл болады. Аға буын өкілдері үшін кітап қандай маңызды орын алса, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін ғаламдық дамыған технологиялар сондай маңызға ие. Интерактивті технологияларды әр сабағымызда пайдалана алсақ, интеллектуалдық қабілеті дамыған, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін практикада пайдалана білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыра аламыз деп есептеймін.

Интерактивті құралдардың көмегімен материалдарды беруде қандай мүмкіндіктерге қол жеткіземіз?

- Тұсаукесер (презентация), баяндамашының өз баяндамасын толық жеткізуіне мүмкіндік;

- Оқу материалын көрсету, экран алдында суреттермен қоса жазбаша мәліметтер бере алу мүмкіндігі;

- Интерактивті тақтаға жазылған барлық мәліметтерді сақтап, басып, электронды пошта арқылы жіберу мүмкіндігі;

- Дәріс кезінде интерактивті тақтада берілген оқу материалын жазып алып, бірнеше рет пайдалана алу мүмкіндігі.

Қазақ тілі сабақтарында оқытылатын компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу түрлері:

1. Лексиканы меңгеру. Мәтіндік лексиканың кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық-түлік, сауда, киім, т.б.

2. Сөйлеу жұмыстары: Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін оқушы оны қайталайды.

3. Диалогтік тілді оқыту: 1-кезең.Диалогпен танысу; 2-кезең.Диалогті жаттау; 3-кезең. Диалогті сахыналау.

4. Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі қазақ тілін үйренумен қатар пернетақтаны меңгеруге молынан септігін тигізеді.

5. Грамматикалық жұмыс. Барлық компьютерлік оқыту бағдарламалары грамматикалық жұмыс жүргізуді қарастырады. Барлық оқытылатын компьютерлік бағдарламалар белгілі бір грамматикалық құрылымының жұмыстарын қамтиды.

Тіл блогының бірлігі оқушының сөйлеу қабілетін дамытады. Тілдерді салыстыра оқытқанда оған тірек болатын тіл – ана тілі. Барлық тілдерді оқығандағы ортақ әрекет – мәтінді оқу, түсініп, тыңдап айтып беру, сөздікпен жұмыс істей алу, тезис, конспект құрастыру. Осы жағдайда тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының орны ерекше. Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының ерекшелігі және артықшылығы:

- үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік ортаны қалыптастыру;

- үйретуде көрнекіліктің дидактикалық принциптерін жүзеге асыру;

- оқушылардың барлығын бірдей қамтамасыз ету;
- оқушылардың мүмкіншілігін жоғары деңгейде пайдалану;
- ауызекі сөйлеуге дағдыландыратын сөйлеудің қызметін жүзеге асырады.

Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау – сөйлеу – оқу – жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады. Тыңдап – түсіну, көріп – байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған үнтаспа, т.б.

Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады.

Мысалы, орта буында оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктен рін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

- Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беремін, әр сұраққа екі жауап ұсынамын;
- Бірнеше сөйлем беремін, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді.

Ал, видеосабақтар ең алдымен арнайы даярланған сөйлеу үлгісіндегі материалдарды енжар қабылдамай, керісінше өз бетінше ізденуге үйретеді және мұғалімнің көмегі арқылы сөйлеу бағытындағы әрекетін қалыптастырады.

Видеосабақтарды оқу материалына тиімді енгізу сабақтың сапасын арттырады. Бұған әсер ететін жағдайлар мынандай:

- есту және көзбен байқау арқылы қабылдаудың әр түрлі жолдарында оқушының түсінігіне жан-жақты мүмкіндік беру;
- оқушының дербес қабылдау мүмкіншілігін ескеру видеосабақты жүргізудің нәтижесінде қамтылады;
- оқушының қызығушылығын арттыру, эстетикалық және эмоционалдық сипаттарды тудыру.

Тек видео көріністерді көрсетуде есте сақтауды қажет ететін негіздер:

- видео көріністер оқушының жасына, қабылдауына қарай сұрыпталуы керек;
- видео көріністер бағдарлама бойынша өтілетін тақырыппен мазмұндас болуы шарт.

Орыс сыныптарында оқушылардың қазақ тілі пәнінен білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Оның бірі – түсінгенін дұрыс айта білу, яғни сөйлемді дұрыс құрастыру, жеке дыбыстарды, сөз тіркестерін дұрыс оқуы. Екіншіден, сөз тіркестерін ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, ерекше дыбыстарды (ы, і, ө, ө, ү, ұ, ң) меңгермейінше, қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу мүмкін емес. Сондықтан қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгерту барысында компьютерлік ойындардың да тигізер пайдасы зор. Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір оқушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор. Өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізетініне тағы бір көз жеткіземіз. Бұл жағдайда қазақ тілі пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету, өз бетімен компьютерді қолдануды және белгілі бір үлгідегі жаттығулар жиынтығын игеруде арнаулы қолданбалы пакеттерді пайдалануды үйрету болып табылады. Сол сияқты қазақ тілін игеру барысында білімнің, дағдының маңыздылығын, ал компьютер тек қолдану барысындағы көрнекі құрал екенін оқушылар санасына жеткізе білу де басты мақсаттың бірі болуы қажет. Оқыту жүйесінде компьютерді енгізбеген оқу орындары көп ұзамай заман талабына ілесе алмайтыны сөзсіз. Сондықтан теориялық дәрісті компьютерде көрсету – ұсыну тәсілімен ұштастыруды өз тәжірибемде кеңінен қолданамын. Сабақта ауызша өз мәнінде меңгертілуі қиын ұғымдарды компьютер көмегімен ұғындырамын. Осы сатыда алдын – ала дайындаған сурет, график және қозғалыстағы көріністер арқылы білім игертуді жүзеге асыра аламын. Оқушыға тез есте сақтау, сөйлемді ойда сақтау дағдысын қалыптастыру үшін мынадай жұмыс түрлерін пайдаланамын. Компьютер экранына бір сөйлем жазылады. Ол сөйлем белгілі уақыттан соң өшеді. Экранда қандай сөйлем жазылғанын есте сақтап, қатесіз компьютерге енгізсе, онда ойлану уақыты екі есеге азайтылады. Егер дұрыс жауап берілмесе, ойлану уақыты ұзартылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сөйлем мағынасын түсіну, ойда сақтау дағдыларын қалыптастырады. Нәтижесінде, тапсырманы қандай дәрежеде

орындағандығына байланысты ұпай санын көрсету оқушының өз білім дәрежесін сезінуге мүмкіндік береді. Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» дегендей, өзім де ұйымдастыруда нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланамын. Озық тәжірибелермен танысып, пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасуға тырысамын. Өйткені, сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бізден, яғни бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді.

Қорыта айтқанда, «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді», - деп Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, ақпараттық технологияны игеру үшін ізденуге, білімденуге ұмтылу басты мұрат. Сонымен мемлекеттік тілді оқыту жүйесіне ақпараттық технологияны енгізу тілді саналы меңгертіп, байланыстыра сөйлеуде ғана емес, ескелең ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда ықпалы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ө. Назарбаев Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. «Елорда», 2008.
2. Қ.Қадашева «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.
3. Н.Қ.Мухамадиева, Н.Ө.Үстемір «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы, 2009 – 2010ж.ж.

ЭКСПЕРИМЕНТИРОВАНИЕ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ

Сарсенбаева Т.С., Нурова А.К.

Костанайский государственный педагогический институт

Современное общество нуждается в активной личности, способной к познавательной-деятельностной самореализации, к проявлению исследовательской активности и творчества в решении жизненно важных проблем. Первоосновы такой личности необходимо заложить уже в дошкольном детстве.

Исследовательская активность дошкольника может быть рассмотрена как настойчивое стремление реализовать посредством поисковой деятельности (экспериментирования, метода проб и ошибок, опытов, наблюдений) потребность в познании объектов окружающего мира, следствием чего становится открытие новых для ребенка знаний и возможность их дальнейшего применения в опыте познания и деятельности.

Исследовательская активность способствует становлению субъектной позиции дошкольника в познании окружающего мира, тем самым обеспечивает готовность к школе. Следует подчеркнуть, что именно в старшем дошкольном возрасте создаются важные предпосылки для целенаправленного развития исследовательской активности детей.

Среди возможных средств развития исследовательской активности дошкольников особого внимания заслуживает детское экспериментирование.

Экспериментирование – это деятельность, направленная на изучение и преобразование окружающей действительности, в результате чего субъект познает свойства и связи объектов, не доступные для познания при непосредственном восприятии. Развиваясь как деятельность, направленная на познание и преобразование объектов окружающей действительности, детское экспериментирование способствует расширению кругозора, обогащению опыта самостоятельной деятельности, саморазвитию ребенка.

В настоящее время отдельные аспекты детского экспериментирования получили отражение в работах Н.Н. Поддьякова, О.В. Дыбиной, И.Э. Куликовской, Н.Н. Совгир, А.И. Савенкова, О.В. Афанасьевой. Исследованы своеобразие и виды детского экспериментирования, рассмотрены возможности организации экспериментирования в дошкольном образовательном учреждении.

Вопросы детского экспериментирования; получили отражение в исследованиях, посвященных ориентировочно-исследовательской (поисковой) деятельности детей. В отечественной психологии накоплен определенный опыт изучения и формирования данного вида деятельности дошкольников (П.Я.Гальперин, А.В. Запорожец, Л.А. Венгер, М.И. Лисина, Л.Ф. Обухова, Н.Н. Поддьяков, Н.Ф. Талызина). В работах авторов поисковая деятельность рассматривается как средство формирования активной, творческой личности, способной проявлять инициативу и творческую самостоятельность, как способ активизации познавательной деятельности. Следует отметить, что в ориентировочно-исследова-